



Ақмешіт

23 шілде
сейсенбі

№58 (2058)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ТАЗА АУА АРМАН БА?

Ауаның ластануы халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ететін күрделі экологиялық проблема. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, көліктің түтіні, көмір жағу кезіндегі шығарындылар – ауаны ластайтын негізгі көз. Соңғы жылдары Қазақстан өнеркәсіптік нысандарды жаңғыртуды, қоғамдық көлікті дамытуды және экологиялық стандарттарды енгізуді қоса алғанда, ауаның сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Атмосфералық ауа сапасының мониторингін жақсарту ластану көздерін дәлірек анықтауға және табиғатты қорғау шараларын тиімдірек жоспарлауға мүмкіндік беретін негізгі бағыттардың бірі.

3-БЕТТЕ



ТАКСИ ТАРИФІНІҢ ТҮЙТКІЛІ

Таяуда өткен мәжіліс отырысында депутат Ислам Сұңқар такси бағасына қатысты мәселе көтерген болатын. Депутаттың айтуынша, Қазақстан такси қызметінің құны бойынша әлемде 73-орында, ал ТМД елдері бойынша ең жоғарғы көрсеткішке жеткен. Яғни бізде таксидің орташа бағасы – 970 теңге, ал мегаполистерде 1000 мен 3000 теңгенің арасына тұрақтаған. Көбі кері кеткен бағаның кесірін алнауыт компаниялардың ашкөздігі мен нарық саясатындағы келеңсіздіктен іздеуде. Бағаның шарықтауына не себеп? Монополияға қарсы әрекет мәселені шеше ме? Саралап көрелік.

Депутат келтірген мәлімет дереккөзі Numbeo қорының ақпаратына негізделген. Онда Қазақстан бір километр үшін төленетін такси бағасының рейтингі бойынша 97 елдің ішінен 73-орынға тұрақтаған. Есепке шақсақ – 0,67 доллар. Рейтингке қатысқан ТМД елдерінің арасында бұл ең үлкен сома болып отыр. Салыстырмалы түрде такси жолаушылары бір километр үшін Әзербайжанда 0,59 доллар, Ресейде 0,33 доллар, Беларусьте 0,31 доллар, Өзбекстан мен Украинада 0,30 доллар болса, Армения мен Молдовада 0,28 доллар төлейді.

ТАКСИ ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

Бірден айтайық, такси қымбаттады деп жауау жүрген немесе қоғамдық көлікке мінуді әдетке айналдырғандар аз. Бұрынғыша жұмыс не шаруамен тысқа шыға калса, көбі такси тоқтата кетеді. Ұлттық статистика бюросының дерегіне, биылғы I жартыжылдықта Қазақстанда такси қызметін пайдаланған адамдар саны 35,6 млн жолаушыға жетіп, 37,6 пайызға өскен. Демек, салада түйткіл болғанымен, сұраныс бар деген сөз. Бұл – маңызды деталь. Себебі елдегі экономика сипаты – нарықтық. Соған сәйкес, такси қызметінің бағасын мемлекет емес, нарық реттейді. Реттейді екен, мәселе біржақты шешіледі деп қуту де қисынсыз. Бәрін ретімен тарқатайық. Ірі қалаларда негізгі табыс көзі таксиге тәуелді азаматтар жетерлік. Олар күн-түні такси агрегаторларының қойған межесін орындап, қомақты қаржы алады. Жолаушы көп, тапсырыс

толассыз. Тіпті осы жұмыс үшін мегаполиске келіп, жалға көлік алып жұмыс істейтіндер қаншама. Әсіресе, Астана мен Алматыда оңтүстік өңірден қоныс аударғандар ішінде мұндай оқиғаны жиі кездестіресіз.

Жолай жолаушы алатындарды есептемегенде таксилердің 90 пайызы онлайн платформалар арқылы жұмыс істейді. Тұтынушы табу оңай, табыс та тез келеді. Осыған байланысты экономикалық зерттеулер орталығы арнайы сараптама жүргізіп, Қазақстандағы такси жүргізушілерінің табыстылығы бойынша ТМД елдері ішіндегі үздік үштікке кіретінін анықтаған. Бұл туралы экономикалық зерттеулер институтының өңірлерді зерттеу орталығының директоры Ерлан Қаримов БАҚ өкілдеріне берген мәліметінде растаған болатын.

– ТМД елдері арасында аналитиканы қараған кезде, таксистердің табысы бойынша Қазақстан Әзербайжан және Ресейден кейін 3-орында тұр. Шамамен 37 доллар табыс табады екен. Ол біздің ақшамен санағанда, шамамен 16 мың теңге. Салыстырмалы түрде анализ жасау үшін долларды және 100 км қашықтықты алып отырмыз.

Ал ресми таксистердің табысына қарайтын болсақ, олар соңғы 2 жылда 2,5 есе азайған. Жаңағы шетелдік компаниялар отандық бизнесті, отандық кәсіпкерлерді өздерінің технологиялары, платформасы арқылы ығыстырып жатыр деген сөз. Сондықтан бізде бәсекелестік болу керек және альтернативті транспорт дамуы керек, – деді ол.

Сарапшылар такси жүргізушілерінің табысты болуының себебін елдегі жанармай бағасының төмендігімен байланыстырады. Қазіргі таңда Қазақстан әлем бойынша жанармай бағасы арзан елдер рейтингінде 11-орында тұр. Жанармайдың орташа бағасы литріне 0,51 доллар шамасында. Ал әлем бойынша орташа құны 1,32 доллар екен.

15 жыл такси жүргізушісі болған қала тұрғыны Мақсат Тұрлыбаевтың сөзінше, саладағы табыс тек жанармай бағасына байланысты емес екен. Оның сөзінше, жолаушы саны, тасымал арақашықтығы да шешуші рөл атқарады.

«Такси жүргізушісі айына 200-250 мың теңге шамасында табыс табады. Бұл табыс жұмыс уақыты мен бәсекеге қарай құбылмалы бар. Мысалы, жолаушы көп шоғырланған жерде бұрыннан такси қызметін жүргізетіндер болады. Олармен қатарласып жұмыс істеу қиындық тудыруы ықтимал. Сондықтан жолаушыны жол бойынан немесе мобильді қосымша арқылы іздеуге тура келеді. Егер қаланы жақсы білсеңіз, жол жүру уақытың қысқартып, жанармай мен уақытты үнемдеуге болады. Бұл да артық жолаушы алуға мүмкіндік береді.

Табыс ұлғайғанымен такси жүргізушілерінің шығыны да көп. Жанармай құны, автокөлікті сақтандыру ақысы, автобөлшектер ауыстыру, мобильді қосымша пайызы салмақ салатыны жасырын емес, – деді такси жүргізушісі.

2-БЕТТЕ

ФЛОРИСТ –

МАХАББАТ ПЕН СЕЗІМДІ
СӨЗСІЗ ЖЕТКІЗЕ АЛАТЫН
ШЕБЕР

4-БЕТТЕ



ҚАРАШАҢЫРАҚ

ҚОНЫСТОЙ КӨП ТОЙЛАНАТЫН КЕНТ

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентінің бүгінде экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму көрсеткіштері тұрақты. Кент көшелері жарықтандырылып, жауау жүргіншілер жолы салынып, асфальт төселіп, ұзақ жылдар жөндеу көрмеген жерасты құдықтары жанартылып, аяқсу келіп, ел дәулетіне сәулеті сай мекенге айналып отыр.

Су тоспасындағы көпір қайта іске қосылып, жергілікті тұрғындардың талай жылғы талап-тілегі орындалып, желіл және арнайы қызметтік автокөліктердің өтуіне рұқсат берілді. Әсіресе жолаушылар көлігінің мәселесі түбегейлі шешіліп, үлкен сыйымдылықтағы автобустар сәт сайын қатынауға.

Тасбөгет кенті әкімі Айдан Тыныштықбайдың айтуынша, кенттегі әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге жауау жүргіншілер жолы салынып, ел игілігіне берілген.

Ал Гани Мұратбаев, Қуаныш Баймағанбетов және Әлия Молдағұлова көшелеріне 9 аялдама орнатылған. Жыл соңына дейін аялдама 20-ға көбеймек.

Сондай-ақ Амангелді Иманов көшесіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері жаңартылған. Наурыз шағын ауданы, №22 үйдің

шатыры қалпына келтіріліп, қалалық бюджеттен қаржы қаралып, толықтай жаңартылған. Мұнан бөлек, Наурыз және Тасарық шағын ауданындағы 6 үйдің шатырлары ауыстырылған. Тұрғындардың сұранысына сәйкес, кенттегі Ермеқбай Ертуғанов көшесіне абааттандыру жұмысы жүргізіліп, балалар ойын алаңы салынған. Қазіргі уақытта аталған аумақ тұрғындардың отбасылық серуен орнына айналып отыр.

2-БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

«DALATEX»: ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛЫНА ҚАДАМ


Ашылғанына он жыл да толған жоқ, бірақ нарықта өзінің орнын алып үлгерген «DALATEX» компаниясының жұмысы өрге басты. Республика бойынша танылып, бұл күнде компания өнімін сырттан іздеп келетіндер қатары қалып. Ойға алған айқын жоспарға нық қадам басу арқылы көздеген мақсатқа жетуге болатынын дәлелдеген серіктестік үлкейіп, бүгінде жаңа ғимаратқа қоныс аударды. Бір кездері ортасында шаңы шығып, қып-қызыл би алаңына айналған «Бәйтерек» мейрамханасының бір бөлігінде қазір қаз-қатар тігінші қыздар орналасыпты.

4-БЕТТЕ

ҚАРАШАҢЫРАҚ

ҚОНЫСТОЙ КӨП ТОЙЛАНАТЫН КЕНТ

Басы 1-бетте



– Мені депутаттыққа Тасбөгет халқы сайлады. Кенттің шеткі аймақтары маған қарайды. Жаңа қоныстанушыларда мәселе көп. Биыл кент толықтай жарықтандырылды. Мұндағы өзекті мәселенің бірі – емхана. Емханаға басқа ғимарат беру жайы қоғамдық қабылдауға келген тұрғындар тарапынан көп айтылады. Менің ойымша, кент халқына жана, заманауи емхана салу керек. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасынан да қалаға қарасты 2 кент шеттеп қалды. Бұл мемлекеттік бағдарламаға кент халқы қол жеткізсе, елдің жағдайы әжептәуір жөнделеді. Жоғарыда атап айтқандай, тасбөгеттіктердің жанайқайын құзырлы орындарға жеткізіп жатырмын. Қазір мопедтер түнімен кент халқының мазасын алып жатқанын естідім. Мұны біз тәртіп сақшыларымен зерделеп, тәртіпке келтіреміз. Кентшілік жолашулар көлігінің жүру сызбасын да өзгертуге жұмыс істейміз. Қоныстанушылар көбейген сайын халықтың мұн-мұқтажы да көбейді. Шет аймаққа орналасқан жана қоныстанушыларға автобус жағынан да, коммуналдық мәселесі болса да жағдай жасаймыз. Тек бізге тұрғындар өз

– Биыл наурыз айында кенттің кіреберісінен 134 отбасыға тұрғын үй кілті табысталды. Көпқабатты тұрғын үйді «СК Данекер» ЖШС салды, баспана әлеуметтік жағынан осал топтарға берілді. Сондай-ақ мамыр айында кенттегі Е. Бозұлов көшесінен бой көтерген көпқабатты 60-90 пәтерлік 2 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 150 отбасы баспаналы болды. «Аманқұрылыс», «Интегрострой», «АЭС and limited» компаниялары салған көпқабатты тұрғын үйлерден жана пәтерлер әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға табысталды. Осылайша, біздің кент халқының саны өсуде. Кент орталығына көрік беріп тұрған зәулім ғимараттардың сапасы да тасбөгеттіктердің көңілінен шығуда, – дейді кент әкімі Айдын Тыныштықбай.

Біз өз кезегімізде кенттегі жана үйлерге қоныстанушылармен де әңгімелестік. Бұл көпқабатты тұрғын үйге қоныстанғанымызға да 4 ай болыпты. «СК Данекер» ЖШС салып, баспана әлеуметтік жағынан осал отбасыларға берілген болатын. Қазір 134 отбасы тұрып жатырмыз. Бұл – мемлекеттің

домофон орнатылған. Қыста жылы болды. Баспалдақтары өте қолайлы. Өзім бұрын Тасбөгеттің «Наурыз» ауданында тұрғанмын. Жастарға жасалып жатқан зор қамқорлық деп ойлаймын. Жоғарыдан қарағанда әсіресе түнде кенттің көрінісі ғажап. Зәулім үйлер бой түзген сайын көріктеніп келеді, – дейді жас отбасының отанасы Айшолпан Қанатқызы.

– Бұл үйді мен көп күттім. 17 жыл дегенде қолым жетті. Сапасына ешқандай шағым жоқ. Әр бөлменің есіктеріне кілт салынған. Подьездер де тап-таза. Лоджы да, балкон да бар. Олар пластикпен жабылған. Есіктің алдында балаларымызға ойын алаңдары орнатылған. Кейде жоғарғы қабатқа су көтерілмей қалатын кездер болады. Сол мәселеге назар аударыла деймін. Көгілдір отын жақынды берілді. Енді ыстық су келсе нұр үстіне нұр болар еді, – дейді жалғызбасты ана Роза Әбілдаева.

ДАСТАРХАНЫ ЖИЫЛМАЙТЫН КҮЛӨНДА АПАЙ

Көршілердің арасында 60-тан асқан зейнеткер бар. Тұрғындар көшіп келгені ортақ жұмысқа жұмылдыратын сол кісі. Подьездің алдына тал егіп, есік алдының тап-тұйақтай, жинақы болуын қадағалайды. Тіпті демалыс күндері тұрғындарды сенбілікке шығарып, коқыс тастамауды бақылайды. «Көгілдір отынның» да үйді-үйге тез берілуін қадағалап, үнемі сергек жүреді. Аулаға дастархан жайып, самаурына шай қайнатып, көршілерді шайға шақырып, ортақ мәселесін дастархан басында шешуді дәстүрге айналдырған.

– Шырағымыз ортақ. Подьездіміз бөлек болғанмен мәселеміз бір ғой. Жасымын бейнеткеш болдым. 16 жасымнан трактор, машина айдап, ер азамат секілді еркін өстім. Қиындықты көп көрдім. Қаршадайымнан ауыр еңбекке араласқан соң, жақсы мен жаманның кәдірін білемін. Үйіміз өте сапалы салынған. Қыста жылы. Енді тек таза ұстау, айналасын көгалдандыру, жағдай жасау өзіміздің қолымызда. Мұнда көпшілігі жастар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар. Бақылау жасап, жөн-жобасын үлкендер айтып, жөн сілтеп отырмасқақ болмайды. Көшіп келгеннен ұйымдастыру жұмысы өз қолыма алдым. Алаға шүкір, мемлекет қамқорлық жасап баспана беріп жатыр. Оның кәдірін біліп, үйді күтіп ұстауымыз керек. Ортақ мүлікке жанашырлық қажет, – дейді қарт ана.

Қоныстанушылар қатары жыл санап өсіп келе жатқан Тасбөгет кенті бұл күнде қызылордалықтарға жайлы қоныс болуда. Көпқабатты зәулім үйлер кент ажарын аша түскендей.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



өтінішін жазбаша ұсынса екен, – дейді қалалық мәслихат депутат Ақманат Төлегенова.

Тасбөгет кентінде соңғы жылдары жаңа құрылыс қарқын алуда. Көпқабатты тұрғын үйлерімен көріктеніп түскен кентке көшіп келген тұрғындар қоныстойын тойлауда. Бұл өз кезегінде статистика берген көрсеткіштен халықтың саны 2 есеге көбейген деген болжам да бар. Биыл 1 қаңтардағы есеп бойынша, халық саны 30521-ді көрсеткен. Одан бері көп уақыт өтпесе де, жаңадан қоныстанып, шаттыққа кенелген отбасылар көп.

тұрғындарды қолдауының нақты көрінісі деп ойлаймын. Орналасқан жері де өте ыңғайлы. Дүкеніміз де, аялдамалық да, мектебіміз де, емханамыз да жақын. Үй өте сапалы құрылыс материалынан салынған. Ешқандай шағымымыз жоқ. Құтты қоныс болғанына қуанып отырмыз. Өсіп-өне берейік. Кентіміз көркейе берсін, – дейді көпбалалы ана Феруза Әбжанова.

– Осы пәтерге қол жеткізгеніме қатты қуандым. Жолдасым, екі қызым 5-ші қабатта, 3 бөлмелі үйде тұрып жатырмыз. Бір үйде 5 подьезді бар. Сыртқы есіктерімізде

Басы 1-бетте



ТАКСИ ТАРИФІНІҢ ТҮЙТКІЛІ

«ЯНДЕКС.ТАКСИ», «INDRIVE»: ҚОС КОМПАНИЯ
ОЛИГОПОЛИЯСЫ

Байқасақ, такси жүргізушісіне табыс мол, тапсырыс жетеді. Сонда баға құнын көтеруге не себеп? Оның мәні олигополияда жатыр. Қарапайым тілмен айтқанда, елде такси қызметі «Яндекс.Такси», «inDrive» секілді онлайн платформалар арқылы жүреді. Жүргізушілер соған тіркеліп, қыруар комиссия төлеуге мөжбүр. Бәсеке жоқ, саланы толық ұсынады ұстайтын атылған компаниялар баға саясатын шешіп отыр десек, сенесіз бе?

Мобильді қосымшада ауа райы мен жол қауіпсіздігіне қарай бағаны құбылтып, ешқандай негіздемесіз құнын көтеруді әдетке айналдырған. Тіпті жүргізушілерден алатын комиссия бағасы да жыл сайын аспандап бара жатыр. Оған қоса «Яндекс.Такси», «inDrive» сияқты агрегаторлар арқылы таксиді табыс тапқысы келетін барлық жүргізушіні белгісіз бір таксопарктерге мөжбүрлі тіркейді. Ол делдалдар жүргізушілерге еш қызмет көрсетпесе де, тапқан табысының 4%-ын жолай ұстап қалады.

Мәселе көтерілгені мәжіліс депутаттары да көліксіз халықтың қалтасын қаға бастаған такси қызметін сынап, салаға бақылау керекін айтып бағуда. Әсіресе, ресейлік «Яндекс.Такси»-дегі басыздықты тыю керекін айтады.

– Күрделі жағдай қалыптасты: ресейлік агрегатор такси қызметі на-рығында түпкілікті үстемдік ете бастады. Ол тіпті біраз қала мен елді мекенде монополистке айналып кетті. «Яндекс.Такси»-дің қарқынды өскен үлесі қазақстандық осы нарыққа бақылау жүргізуге және бағалардың өсіміне, бүкіл нарықтағы жағдайға ықпал етуге жетеді. Бұлтұр осы құмдыққа алаңдатып антимонополиялық орган ресейлік компанияның қызметін реттеуге талаптануы керді. Алайда «Яндекс.Таксиді» әр сапардан алатын комиссиясы сол бұрынғыдай жоғары болып қалды және ол жолапардың ақырғы құнына қатты әсер етеді, – деді Мәжіліс депутаты Ислам Сүнкар.

Есте болса, өткен жылы Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігі «Яндекс.ТаксиКорп» ЖШС-ға қатысты монополияға қарсы тергеуді аяқтады. Нәтижесінде, Яндекті әкімшілік жауапкершілікке тартылып, аз да болса жағымды жаңалықтың шеті көрінген болатын. Тіпті Агенттік пен Яндек «монополияға қарсы комплаенс» туралы келісім жасап, біршама уәде берген.

Мәселен, тапсырыс сапардың базалық құнынан екі есе асып кетсе, сол үшін алатын Яндектің әділетсіз комиссиясы жойылды. Жүргізушілерге арналған қосымша бонустық бағдарлама енгізіліп, Астана және Алматы қалаларының жүргізушілеріне өткен жылы 400 миллион теңгеден, биыл 700 миллион теңге төленген.

Яндек қосымша бонустық бағдарламаны енгізді. Оған сәйкес 2023 жылдың желтоқсанында Жолаушылар үшін жаңартылған «Бірге» тарифі енгізілді. Ол жұмысы шұғыл емес адамдарға сұраныстың шырақу шегіне жететін кезеңдерде таксиге төмен бағаммен тапсырыс беру мүмкіндігін ұсынады. Яғни, асықпайтын, бірақ айтуге көзделген жеріне жетіп қалуы қалаған адамдар осы тарифпен тапсырыс берсе, басқа жолаушыны апару жатқан такси оған жолшыбай соғып, алып кетеді. Бұл тариф 5-тен 40%-ға дейін қаржы үнемдеуге жол ашады екен.

Сарапшылар пікірінше, бұл – екіжақты келісімнің шегі. Үкімет бұдан ары «тізеге баса» алмайды. Себебі «Яндекс.Такси» – ресейлік компания. Қазақстан тарапынан айтылатын барлық арыз-шағымдарға жалтарма жауап беруді де соның дәлелі. Өзімізде бәсекеге төтеп бере алатын балама компанияның болмауы, болған күнде дәрменсіз күйге жетуі артық айтуға мұрша бермей келеді.

Нарық талабы еркіндікті қалайды. Заңға тоқпақ іс қылмаса, шетелдік компанияға қысым орынсыз. Оның үстіне тегін жүрген жоқ. Аталған платформалар салық органдарына соңғы екі жылда 17 млрд теңге салық төлеген. Жұмыс орны, азаматтарға қосымша табыс көзі ретіндегі салмағы басым. Сондықтан саладағы шешімді қыспақтан емес, қосымша шешімнен іздеген жөн.

ӨЗІМІЗГЕ ӨЗІМІЗ ҚЫЗМЕТ ҚЫЛСАҚ...

Мұндай шешімнің бірі мінберде айтылды. Ол – отандық такси қызметін қалыптастыру. Яғни қазақстандық компанияларға мүмкіндік беріп, елдегі платформаларды қолданатындардың санын арттыру міндеті тұр.

– Халықтық партия әлеуметтік шиеленістерге байланысты қазақстандық нарыққа шығатын «Яндекс.Такси» және басқа да компаниялардың комиссияларына тарифтік саясатты төмендету бойынша жұмыс жүргізуді ұсынады. Сонымен қатар жұмыс платформасын ұсынатын отандық такси қызметін көрсету компанияларының дамуына қолдау көрсету тетіктерін әзірлеу керек, – деді депутат Ислам Сүнкар.

Иә, отандық такси агрегаторларын дамуға ұсынысы бұрыннан бар. Ұсыныс жүзеге де асқан. Алайда нәтиже аз. Ұлттық экономика министрінің айтуынша, бұл міндетті Astana Hub Халықаралық IT-стартаптар технопаркі жүзеге асыруы тиіс еді. Тіпті осы мақсатта технопарк қатысушыларына преференциялар, салық жеңілдіктері ұсынылды. Мемлекет тиісті инфрақұрылыммен, кеңселермен, өндіріс орындарымен қамтыды. Ол аздай, шетелден мамандар алғұзы үшін визалық қолдау көрсетіп, алтын виза тарата бастады. Бірақ қанша уақыт өткенімен «ресейлік алпауыттарға» қарсы тұратын платформа жарық көрмеді.

Мамандар сәтсіздік себебін маркетинг, жарнама саласындағы жүйесіз жұмысқа сілтейді. Бұл орынды да секілді. Өйткені қазақстандық такси қызметін ұсынатын мобильді қосымшаның бар-жоғын қазақстандықтар білмейді. Білмегендіктен сұраныс жоқ.

Алайда Үкімет нәтиже күтуден жалыққан емес. Мысалы, жақында Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров отандық такси агрегаторлары мемлекеттен 3 миллиард теңгеге дейін арзан несие ала алатынын жеткізді. Оның айтуынша, саланы дамытуға көзделген кәсіпкерлер үшін банктер берген несиелердің сыйақы ставкасының бір бөлігі субсидияланады. Кәсіпкерлерге жылдық 8 пайыз ставка бойынша, ал, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, батыс және оңтүстік өңірлер үшін жылдық 7 пайыздық ставкамен несие беріледі. Қазіргі таңда несие сомасы 3 млрд теңгеге дейін деп бекітілген.

– Бұдан бөлек, уәкілетті меморгалардың өкілдері автомобиль тасымалдары бойынша қызметтер көрсету саласындағы IT-өнімдерді қолдау үшін «Relog» көліктік тасымалдау компаниясы, «Такси5+» жолаушылар тасымалы сервисі, «Choco Holding», «Metanoia» такси шақыру сервистері, «Араги», «Төлем Такси» жолаушылар тасымалы сервистері сияқты отандық компаниялармен кездесулер өткізді. Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, оларға тұрақты негізде қолдау көрсету жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында болады, – деді министр.

Берен ШАҒЫРОВ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

С. Майқанова атындағы мәдениет үйінде «Ақ жол» партиясының Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен облыстық филиал төрағасының орынбасары Мирамбек Беркімбаев, Қызылорда қалалық мәслихатындағы «Ақ жол» фракциясының депутаттары Ақманат Төлегенова мен Мақсат Жүсіп Тасбөгет кентінің тұрғындарымен кездесті.

Онда облыстық филиал төрағасының орынбасары Мирамбек Беркімбаев «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламада көрсетілген басымдықтарға сай атқарып жатқан жұмысы мен облыс, қала аумағында көтеріп жатқан мәселелері және жетістіктері туралы айтып өтті.

Мұнан соң кент тұрғындары өз кезегінде облыстық филиал өкілдері мен депутаттарға кент бойынша туындап отырған мәселелерді атап өтті. Тұрғындардың көтерген мәселері қатарында жолаушылар көлігінің жүру сызбасын өзгерту, кент емханасын қайта

салу, жергілікті полицияның жұмысын жақсарту жайы қозғалды. Көпеле беймезгіл уақытта жүйткіп, тұрғындардың мазасын алған мопедке тыйым салу, бейіт аумағына бейнекамера қою мәселесі шешімін тапса деген ұсыныстар айтылды.

Өз кезегінде облыстық филиал өкілдері мен депутаттар әрі қарай да тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста болып, берген өтініштері бойынша заң талабына сай жұмыс істейтінін жеткізді.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

«ЖАСЫЛ ЕЛ» – ӨМІР МЕКТЕБІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша бүкіл әлем халқы дерлік (99%) ұйымның нұсқауларынан асатын және ластанушы заттардың жоғары деңгейін қамтитын ауамен тыныс алатынын көрсетеді, бұл ретте табысы төмен және орташа елдер айтарлықтай зардап шегеді. Ауа сапасы жердің климатымен және бүкіл әлемдегі экожүйелермен тығыз байланысты. Ауаның ластануын азайту саясаты ауаның ластануымен байланысты аурулардың ауырталығын азайтып, климаттың өзгеруін ұсынады. БҰҰ жариялаған ақпараты бойынша кіші дисперсті қатты бөлшектер (PM_{2.5}), озон (O₃) және азот диоксиді (NO₂) сияқты ластанушы заттардың дүние жүзінде адам денсаулығына елеулі әсерін тигізетін 2021 жаһандық аурулар ауырталығын зерттеудің жаңадан жарияланған деректерінің талдауында берілген. Диаметрі 2,5 микрометрден аспайтын бұл ұсақ бөлшектердің кішкентай болғаны сонша, өкпеде жиналып, кейін қанға еніп, ағзаны зақымдап, жүрек аурулары, инсульт, қант диабеті созылмалы аурулар қаупін арттырады. Есепке сәйкес, PM_{2.5} болуы қоршаған ортаның нашар жағдайларының ең дәл көрсеткіші болып саналады.

ТАЗА АУА
АРМАН БА?

АУА САПАСЫ

Қазақстанда ғарыштық мониторинг деректерін пайдалана отырып жүргізілген зерттеуге сәйкес, өнеркәсіптік қызмет салдарынан ауаның ластану деңгейі жоғары Қарағанды облысына ерекше назар аударылады. Зерттеулер көрсеткендей, негізгі ластанушы заттар әсерінен халықтың денсаулығына айтарлықтай әсер етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, ауаның ластануы жыл сайын миллиондаған адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізетін негізгі экологиялық қатерлердің бірі.

Зерттеулерге сәйкес, Қазақстандағы негізгі ластанушы заттар күкірт диоксиді, метан және азот диоксиді. Қазақстан атмосфераға азот пен күкірт диоксидтер мен ауыр қоспалар бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы анықтаған шекті шығарындардан асып тұсты.

Жақында ғарыштық мониторинг арқылы алынған Қазақстандағы ауаның ластануы туралы зерттеушілердің мәліметтері ұсынылды. Екі жаңа халықаралық зерттеуді «ЭкоМузей» (Қарағанды) және «Ариика» (Чехия) үкіметтік емес ұйымдары Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен World from Space бірлесіп отырып, Чехия Сыртқы істер министрлігінің «Өтпелі кезең» бағдарламасы және GIZ (Германия) өткізді. Зерттеу Коперник бағдарламасының бір бөлігі ретінде ЕО спутниктері жүргізген Жерді қашықтықтан зондауға негізделген.

World from Space компаниясының өкілі Матуш Хрничардтың айтуынша, Қазақстан CO₂ бойынша 21-ші орында, ал ауыр қоспалардың атмосфераға шығарылуы бойынша 23-ші орында. Ауаның ластануы климаттың өзгеруіне көп әсер етеді. Қарағанды облысы жағдайында күкірт диоксидінің көп шығарындары Қарағанды, Теміртау, Саран және Шахтинск қалаларында тіркелген. Саран қаласында бұдан басқа метанның көп бөлінуі байқалады, бұл еліміздің көмір мен мұнай өндірілетін басқа аймақтарында да байқалады. Мамандардың айтуынша, жыл сайын ауаға шығарындар көбейіп келеді. Әсіресе, еліміздегі көмір шахталарына жақын қалалар мен тау-кен кәсіпорындары мен көмір стансаларының маңындағы жағдай өте ауыр. Олардың қатарында Қарағанды облысы ғана емес, Павлодар, Маңғыстау, Өскемен, Астана, Қызылорда, Шымкент, Алматы облыстары да бар.

Қазақстанда ауаның ластануына қарсы күресу үшін түрлі бастамалар жүзеге асырылып, он нәтижелер көрсетуде. Осы салалардағы жетістіктер үкіметтің, бизнестің және қоғамның бірлесуімен күш-жігерімен ауа сапасы мен халықтың денсаулығын жақсартуға айтарлықтай жетістіктерге жетуге болатынын көрсетеді.

Атмосфераның ластануында сақтау мониторингті арттыруды, көмірді пайдалануды азайтуды, жанар-енергетикалық көздерін енгізуді және қалдықтарды кәдеге жарату жүйесін жетілдіруді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Мұндай шаралар ауаның сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар ауаның кейбір ластанушы заттары да жаһандық жылынуға ықпал ететінін ескерсе, климаттың өзгеруі салдарын жеңілдетеді. Сондай-ақ аймақтардың физикалық-географиялық жағдайларын ескеру маңызды, олар

атмосферадағы ластанушы заттардың таралуы мен концентрациясына әсер етуі мүмкін.

ҚР экология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасының орынбасары Айдар Абдуалиев БАҚ өкілдеріне берген брифингте 2023 жылы республика бойынша ластанушы заттар шығарындарының нақты көлемі 2,5 млн тоннаны құрағанын айтты. Бұл бір жыл бұрынғыдан 200 мың тоннаға аз. Өндіріс орындарынан қоршаған ортаға эмиссияларды азайту үшін арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді.

– 50 ірі өнеркәсіптік кәсіпорынға қатысты шығарындарды 20%-ға азайту жоспары аясында өңірлердегі экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша жол карталарының орындалуына мониторинг жүргізілуде. 18 жол картасы бекітіліп, жоспарланған 532 іс-шараның 204-і орындалды, – дейді Айдар Абдуалиев.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев ресми дерекке өзге жарияланған ақпараттың сүйенсек, Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қадағалауында атмосфералық ауаға ұйымдастырылған шығарындары бар 28 нысан бар. Барлық көздерден атмосфералық ауаға 24 ластанушы зат бөлінеді, оның ішінде жетеуі 1-2 қауіптілік сыныбына жатады.

Айтуынша, департаменттің аумақтық басқармалары тұрақты негізде елді мекендердің атмосфералық ауадан жай-күйіне санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізеді. Атмосфералық ауадан сынама алу жұмыстары магистральды көшелерде, қаланың қоныстану және өнеркәсіп аймақтарында, сондай-ақ облыстың барлық дерлік ауданында жүзеге асады. 2024 жылдың I-ші жартыжылдығында атмосфералық ауаның 8775 сынамасы алынып, оның ішінде шектеліп рұқсат етілген концентрациядан жоғары анықталған жоқ.

АУА ЛАСТАНУЫНЫҢ САЛДАРЫ

Ғалымдардың зерттеулері бойынша ауаның ластануының ауыр зардаптарының бірі рН деңгейі төмен, құрамында күкірт және азот қышқылдары бар қышқылдық жауын-шашын болып саналады. Бұл қышқылдық көмірді жағу және басқа процестер кезінде бөлінетін күкірт және азот оксидтерімен химиялық реакциялар нәтижесінде түзіледі. Қышқылдық жаңбырлар бронхит, астма және түрлі респираторлық аурулардың қаупін арттырады, сонымен қатар су айындарына, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, топыраққа, сондай-ақ суәлет және тарихи ескерткіштерге теріс әсер етеді деп есептейді.

Тағы бір ластану әсерінен пайда болған құбылыс – тұмша (смог) бұл ауаның өнеркәсіп, көлік және энергетикалық кәсіпорындар шығаратын қауіпті химиялық заттармен ластануы, әсіресе белгілі бір ауа райы жағдайында пайда болады. Тұмшаның түтіннен айырмашылығы, шаңның, қардың немесе дала өрттерінің түтінінен пайда болады.

Жағымсыз нис немесе ауада нис сезу рецепторларын тітіркендіретін шағын концентрациядағы көптеген әртүрлі химиялық қосылыстың болуынан пайда

болады. Бұл иістердің денсаулыққа әсері көбінесе психосоматикалық сипатта болғанымен, жағымсыз иістердің әсерінен ауаның ластану мәселесін шешу арнайы әдістерді қолдануды талап етеді.

Ауа ластану әсерінен жерді қорғайтын тосқауыл қызметін атқаратын озон қабаты күннен келетін ультракүлгін сәулелердің тропосфераға толық енуіне жол бәрмейді. Бұл өте маңызды, өйткені озон қабаты планетадағы тірі ағзаларды күнге күйіп қалуудан және әртүрлі аурулардан, соның ішінде тері қатерлі ісігінен қорғайды. Озон санылаулары зиянды күн сәулелерінің түсу қаупін арттыра отырып, осы қабаттың жұқаруын білдіреді.

Парниктік эффект өз кезегінде, атмосферадағы көмірқышқыл газының жоғарылауы салдарынан күннен жылу энергиясының кешігуінен туындайды. Күн радиациясының көп бөлігі атмосфера арқылы өтіп, жер бетін жылытады, бұл өз кезегінде атмосфераға жылу бөледі. Жер бетінен шығатын сәулелер көмірқышқыл газының молекулаларымен жұтылады, бұл планетадағы орташа температураның жоғарылауына әкеледі. Бұл құбылыс Жердің жылулық тепе-теңдігін сақтауда шешуші рөл атқарады, бірақ оның күшеюі жаһандық жылынуға әкеледі.

Күн және жел энергиясы сияқты таза отын мен технологияларға біртіндеп көшу зиянды бөлшектер мен парниктік газдардың шығарындарын азайтуға көмектеседі. Қазақстанда экологиялық жағдайды және халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған ауаның ластануына қарсы күресу үшін бірқатар шара қабылданды. Негізгі қадамдар ластану көздерін уақытылы анықтау және өзгерістерге тиімді әрекет ету үшін ауа сапасының мониторингін жақсартуды қамтиды. Тағы бір маңызды бағыт – атмосферадағы ластанушы заттардың деңгейін төмендетуге көмектесетін өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін шығарындар нормативтерін қайта қарау. Бұл шаралар халықтың жауапкершілігін арттыра отырып, елдегі ауа сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдар болмақ.

(Басы 1-бетте)

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары – ел жастарының белсенділігі мен бастамасының жарқын үлгісі. Қалалар мен ауылдарды қорғандыру және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында құрылған бұл жасақ туған елін көркейтуге үлес қосқысы келетін студенттер мен мектеп оқушыларының басын біріктіреді. «Жасыл ел» мүшелері ағаш егін қана қоймай, аумақтардағы қалдықтарды тазарту, ауыл маңдары көшелерін тазартуға, спорттық кешендер мен өзен жағалауларын қалпына келтіруге, саябақтар мен құрылыс алаңдарын тазартуға атсалысып, экологиялық іс-шаралар мен эко-фестивальдер секілді түрлі іс-шаралар өткізуде. Бұл жасақ өскелең ұрпақтың экологиялық мәселелерге деген қамқорлығының, жасыл және таза болашақ құруға деген ұмтылысының символына айналды.

Жастарды еңбекпен қамту мақсат еткен жасақтың жастарға берері мол.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының негізгі мақсаты – жазғы маусымдық кезеңде жастарды жұмыспен қамту, еңбекке баулу, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мен өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту. Жыл сайын «Жасыл Ел» жасағы жаз мезгілінде қоршаған ортаны қорғандыру мен уақытты пайдалы өткізгісі келетін жастарды көбірек тарталды. Жасақ бағдарламасының жаңа бағыттары үнемі кеңейуде, бұл «Жасыл Ел» жасағының жұмысты одан сайын жан-жақты етеді. Жасақ бағдарламасы жастар арасында топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға және экологиялық сананы арттыруға бағытталған. «Жасыл ел» көпшілік үшін уақытша жұмыс орны емес, болашақ кәсіби және тұлғалық өсудің негізі қаланған өмір мектебіне айналады. Жаз бойы жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында құрылған бұл жасақ табыс табуға мүмкіндік беріп қана қоймай, жауапкершілік пен өмірлік құндылықтарға баулуға «Жасыл ел» жастары аумақтарды абаттандыру және тазарту процесіне белсене қатысып, сол арқылы өз аймағының гүлденуіне және экологиялық жағдайының жақсаруына өз үлестерін қосуда. Жасаққа қатысу жастардың ортақ іс пен аймақтың дамуына өзіндік үлес қосуының маңыздылығын түсінуге көмектеседі, – дейді Жасулан Нұрланбекұлы.

«Жасыл ел» жасағы жай ғана жазғы жұмыс емес. Бұл – мақсаты мен мұраты ортақ, әрбір адам маңызды іске өз үлесін қоса алатын жасыл және гүлденген өмір құруға ұмтылған жастарды біріктіретін қозғалыс. Бұл – жа- сыл болашаққа үлес



аймағымыздың болашағы үшін жұмыс істеу мүмкіндігі.

«Жасыл ел» еңбек жасағы қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға белсенді атсалысып, түрлі абаттандыру, тазалық шараларын өткізуде. Негізгі науқандардың бірі – «Қаламызды таза ұстайық!» акциясына белсене қатысуда. Жастар елді мекендерді қорғандыруға елеулі үлес қосып, ағаш отырғызуға, саябақтарды, алаңдарды, аулаларды абаттандыруға жасақ мүшелері де белсене атсалысуда.

Сонымен қатар жасақ «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысуды, оның мақсаты – қоршаған ортаны тазарту және жасалдыру үшін халықтың барлық топтарының күш-жігерін біріктіру. Бұл шаралар қалалардың сыртқы келбетін жақсартып қана қоймай, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді, – дейді «Жасыл ел» жасағының жетекшісі.

«Жасыл ел» жасағының «Жас сарбаз» мүшелері спорттық шараларды ұйымдастырып келеді. Іс-шараларға әр түрлі спорттық және командалық ойындар кіреді, бұл жасақ мүшелеріне командалық рух пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Спорттық іс-шаралардан басқа экология бойынша білім беру тренингтері өткізіледі, онда жастар қоршаған ортаны қорғау туралы білім алады. «Жасыл Ел»



жастар еңбек жасақтары экологиялық жағдайды жақсартуға және жастардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған түрлі іс-шараларды өткізуде. Өз қызметі аясында семинарлар мен тақырыптық алаңдар ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралар жастардың жаңа экологиялық ойлауын қалыптастыруға және оларды табиғатты қорғау іс-шараларына тартуға ықпал етеді. Сонымен қатар «Жасыл ел» экологиялық бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері мен абаттандыру және қорғандыру жоспарлары талқыланатын жұмыс кездесулері өткізілуде, – дейді Жасулан Алдабергенов.

Жасақ жетекшісі жаз маусымында аймақта қанша жас жұмыспен қамтылғаны туралы да тоқталды.

– Жаздың үш айында облыс бойынша маусым, шілде және тамыз айына 1200 жасты жұмыспен шілде және тамыз айына 1200 жасты жұмыспен қамту жоспарлануда. Маусым айына квота бөлініп, қамту арқасында 300-ге жуық жасты, ал шілдеде 500-сонның арқасында 300-ге жуық жасты, ал шілдеде 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туды.

Қалғаны тамыз айында жұмыспен қамту жоспарланған. 7 ауданға жалпы 3 айға 110 жастан бөлінді. Байқоңыр қаласына 150 жас, қалғаны Қызылорда қаласында үлестірілді. Бұл жастарға ақша табуға ғана емес, сонымен қатар еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосуға мүмкіндік береді. Барлық жоспарланған іс-шаралар жүзеге асуда, бұл жасақтың жасы ұйымдастырылған жұмысын және оның облыстың әлеуметтік-рөлін

көрсетеді, – дейді Жасулан Нұрланбекұлы. «Жасыл ел» экологиялық жасағының жетекшісі жастардың экологиялық жобаларға қатысуы және жалақыға ерекше тоқталды. Ол еңбекке жас мамандар жазғы жұмысты таңдауда ескеретін негізгі фактор екенін атап өтті. «Жасыл ел» Қазақстандағы экологиялық жағдайды жақсартуға ғана емес, жастар үшін тартымды еңбек жағдайларын жасауға да ұмтылады.

– «Жасыл ел» қозғалысы іске қосылғаннан бері қала мен аудан жастары арасында қызығушылық ай-



тарлықтай артқан. Экологиялық білім беру мен жастардың белсенділігін арттыруға бағытталған бұл қозғалыс қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосқысы келетін көптеген жастың ұйытқысына айналды. «Жасыл ел» қатысушылары қызығушылық танытып қана қоймай, белсенді әрекетке дайын екендіктерін де көрсетеді. «Жасыл ел» қозғалысына қатысу жастардың экологиялық санасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етіп қана қоймай, табыс табуға мүмкіндік береді, – дейді «Жасыл ел» жасағының жетекшісі.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының қызметі – экологиялық мәселелерді шешуге және жастарды белсенді қоғамдық өмірге тартуға бағытталған сәтті бастаманың үлгісі. Олардың күш-жігері қаланың табиғи сұлулығы мен тазалығын сақтап қана қоймай, өскелең ұрпақтың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады.

Бетті дайындаған София
ТЕМБІОЛАТ

«DALATEX»: ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛЫНА ҚАДАМ



«Қазақ елі өзінің кең байтақ даласымен мақтанады. Осы қазақтың даласында да өнім шығарамыз деген оймен қойылған атау болатын» деп әңгімесін бастаған компания негізін қалаушы Ділмұхамед Абызов мекемеде осы күні 70-ке тарта қызметкер нан тауып жүргенін айтады. Олардың кейбірі тіпті, тігін әлемінен хабарсыз болып келсе де осында еңбектеніп, маманданып алған. Бастысы, қабілеті мен үйренуге ынтасы бар.

– Бізге тәжірибеден өтуге келетін студенттердің өзіне еңбекқақы жазылады. Мен біреудің ақысын жемеймін, әрбір ісім адал болсын деймін. Екінші жағынан олар әрі оқып, әрі табыс тауып жатса, осында қалуға ұмтылысы болады. Біз осылай маман тапшылығын да жою аламыз. Әрі жұмыссыздар армиясының қатарын азайтуға септесеміз. Оның үстіне, мұнда жұмыс істеген маманның өсуіне зор мүмкіндік бар. Қарым-қабілеті мен ұмтылысы алға жетелеген мамандарды қазір басылық қызметке де қоюға жатырмыз, – дейді Ділмұхамед Мінұарбекұлы.

Әдегенде ерлерге арналған жеілде шығарумен айналысқан кәсіпорын қазір ауқымның кеңейткен. Атағы Алашқа тараған алпауыт компаниялардың қызметтік формасын да дайындайды. Алдағы уақытта заманауи ерлер күресін тігуді ойлап жүр. Әрине, ойда жоспар көп. Бірақ тігінші



мамандардың тапшылығы жағдайды қиындатып тұр.

– 2016 жылы осы фабриканы ашқандағы басты мақсат ерлерге арналған күнделікті киетін жеілделер тігу болатын. Осы арманыма қол

жеткізіп, еліміздің бүкіл аумағында жеілделеріміз сұранысқа ие болды. Ал 2019 жылдан бастап мемлекеттік сатып алуларға қатысып, күштік құрылымдарға арналған нысанды киіммен қамту өндірісін қолға алдық. Одан кейін алдымызға тағы бір мақсат қойып, өндірістік салаға арналған арнайы киім тігу бойынша жұмыстарды бастап кеттік. 2020 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» электронды сатып алу жүйесі арқылы тендерлерге қатысып, еліміздегі ірі мұнай-газ және өзге де компаниялардың арнайы киімдерін тігіп, жеткізу жұмыстарын жүзеге асырып келеміз. Сондай-ақ 2020 жылы пандемия кезінде бетперделер тіктік. Одан бөлек қыз және ер балаларға арналған мектеп формалары мен жеілдерін тігіп, нарыққа шығарған едік. Қазір тіпті компаниямызда бірнеше өндірістік цех ашып, бірнеше бағытқа қарай алып кеткіміз келеді. Ол үшін әрине, жұмыс күші керек. Қазір бұл мәселе күн тәртібінде тұр, – дейді кәсіпкер.

Сан салалы кәсіпте мидың 24 сағат тоқтаусыз жұмыс істеп тұратыны бар. Мұнан соң әрбір қиындық кәсіпкерді пісіреді, қаржылық сауатын арттырады. Міне, Ділмұхамед Мінұарбекұлы да кәсіпте тәуекел деген ұғыммен дос екенін айтады.

– Меніңше, кәсіптің ең оңай түрі дайын тауарды сатып алып, қайта сату. Ал өндірістік жұмыс ол мүлдем басқа. Әрбір саланың өз қиыншылықтары болады. Өндірісте сол қиындықтармен жиі кездесіп тұрамыз. Нақты осы жеңіл өнеркәсіп саласын айтар болсам, ол біріншіден, білікті кадрлардың тапшылығы.

Технолог, конструктор мамандары айтпағанда, қарапайым тігіншілерді табудың өзі қиынға соғып тұр. Қазір жастардың өмірлік ұстанымдары бөлек пе, әлде мамандық таңдағанда жете ойланбай ма, білемдім, бірақ орта арнаулы оқу орындарында осы мамандықта оқып жатқан жастардың жұмысқа қатысты жоспарлары басқа. Бұл мәселені де шешіп келеміз, жұмыс істеуге ынтасы бар қыз-келіншектерді өзіміз тігіншілік өнерге үйретудеміз. Қазір кәсіпті кеңейтіп жатырмыз. Үлкен жаңа ғимарат кәсібімізге жаңа мүмкіндіктер береді деп сенемін. Жоспарлар көп. Жаңа өндірістер ашу, киім ассортиментін кеңейту сынды жоспарларымыз бар. Соларды іске асыру үшін аянбай еңбек етудеміз, – дейді кәсіпорын басшысы.

«Тәуекел түбі – жел қайық, мінесін де кетесін» деген керемет бір сөз бар. Осыны ойға алған Ділмұхамед Абызов кәсіпті сан қырынан танып, әртарапандыруды да ойға алып жүр. Бірақ өзгермейтін бірнәрсесі бар. Ол «DALATEX»-тің ең бірінші өнімі – ерлер жеілдесі.

– «DALATEX» брендінің қалыптасуы осы ерлерге арналған жеілделеріміздің арқасында болды десем, қате айтпаймын. Қазіргі күні

жұмыс ауқымына байланысты, жеілделеріміз бұрынғы көлемде тігіліп жатқан жоқ. Бірақ жеілделерімізді Қызылордадан ғана емес, басқа қалалардан іздеп келушілер көп. Сондықтан оларды назардан тыс қалдырмауға тырысамыз, әрине. Тағы бір айта кетерлігі, ең алдымен мақсаттың айқын болуы керек. Одан кейін табандылық керек. Ешқандай кәсіп бір бастағаннан толағай табыс әкелмейді. Сол себепті тапжылмай еңбек ету керек. Бұл жолда көптеген қиындықтар кездеседі, сол қиындықтардан сынып қалмай, керісінше сабақ алу керек деп ойлаймын. Қазір міне, осы деңгейге жеткеніміз жоғарыда айтқан қасиеттердің арқасында болар, – дейді Ділмұхамед Мінұарбекұлы.

Еңбектенген адамның мұратқа жететіні анық. Әйтсе де, алған беттен қайтпайтын қайсарлық пен табандылық – кәсіпкерге ең керек қасиет. Мұны біз Абызов айтқан тәжірибеден айқын аңғардық.

Дәулет ҚЫРДАН,
Нәзира МҰҚАТАЕВА

Басы 1-бетте



Флорист – махаббат пен сезімді сөзсіз жеткізе алатын шебер

24 шілде – халықаралық флорист күні.

Бұл – өміріміздегі гүлдердің махаббат, жанашырлық, мереке символы ретіндегі маңызын атап өту күні. Флористика тек гүлдермен кеңістікті безендіру ғана емес, бұл білімді, шығармашылықты және стилді қажет ететін өнер. Флористика бұл – әрбір гүл шоғы махаббат пен сезімді

сөзсіз жеткізе алатын өнер туындысы. Таңнан кешке дейін бірегей композициялар жасау үшін жұмыс істейтін гүл безендірушілердің еңбегі зор.

Гүл безендіру – бұл стиль мен талғамды ғана емес, сонымен қатар өсімдіктер туралы білімді, көз қуантып, жағымды эмоциялар беретін композициялар жасай білуді талап ететін өнер. Бұл күні біз бірегей гүл композицияларын жасау арқылы әлемімізді күн сайын жарқыратып, әдемі етіп жүрген «Camellia» гүл орталығының флорист маманы Дониер Махмуджанұлымен тілдесуді жөн көрдік.

– Флорист болып жұмыс істегеніңізге қанша жыл болды? Осы салаға қалай келдіңіз?

– 19 жасымда осы салаға келіп, 24 жыл бойы флорист болып жұмыс істеп келемін. Қазір жасым 43-те, гүл шоқтарын жасау менің сүйікті ісім. Бірде мектептің емтиханына гүл апару үшін гүл сататын дүкенге де гүл шоқтарына тапсырыс беріп, күтіп тұрған кезде флорист маманының гүл шоқтарын жасап жатқанын байқап, қатты қызықтым. Ғажайып композициялардың жасалуын тамашалау осы өнер туралы көбірек білуге деген құштарлықты оятты. Содан кейін мен флорист болғым келетінін түсіндім. Мектеп бітірген соң еш ойланбастан флористика саласын таңдадым. Гүлдердің түрлері мен сорттарын, олардың қасиеттерін мен күтінген зерттеуге қызығушылығым артты. Әр туынды ерекше болуы үшін түстер мен пішіндерді үйлестіре

отырып, гүл шоқтарын жасауды үйрендім. Күн сайын гүлдер сияқты әдемі жаратылыстармен жұмыс істеп, адамдардың өмірін сәл де болса жарқыратып, қуаныш сыйлау мүмкіндігіне ризамын. Адамдардың гүл шоқтарын алған кездегі жүзіндегі күлкіні көру маған үлкен бақыт сыйлайды.

– Қазір гүл дизайнын жасауда қандай стильдер мен трендтер бар?

– Гүл дизайны – бұл шығармашылық пен гүл шоқтарын жинаудың түрлі әдістерін білуді біріктіретін, табиғаттың сұлулығы мен үйлесімділігі арқылы ең нәзік эмоциялар мен сезімдерді көрсетуге көмектесетін өнер. Осындай әдістердің бірі – спираль әдісі, онда гүл сабақтары спираль түрінде орналасып, тұрақты және эстетикалық пішін жасайды. Еркін стиль – гүл шоқтарын жасауға еркін көзқарас, онда гүлдер тәртіпсіз жиналады, бұл композицияның

шынайылығы мен нәзіктігін береді. Әуе стилі – шоқтағы әрбір гүлдің мұқият таңдалуы, ерекше талғампаздық пен көлемге мән беріледі. Бұл стильдер көзді қуантып, көңіл күйді көтеретін ерекше және есте қаларлық гүл композицияларын жасау үшін біріктірілуі мүмкін. Әрбір стиль белгілі бір дағдыларды және түстердің түрлілігі мен олардың комбинацияларын білуді талап ететінін атап өткен жөн. Флорист шеберлігі әр гүл шоғы жай ғана әдемі емес, сонымен қатар белгілі бір көңіл-күйді немесе сезімді беретіндей түстерді, текстураларды және пішіндерді

үйлесімді үйлестіруде көрінеді. Гүл дизайны күнделікті өмірге сұлулық қосып қана қоймай, сонымен қатар үйлену тойлары, мерейтойлар және басқа да мерекелерде маңызды рөл атқарады.

– Түстер үйлесімдігін сақтау маңызды ма?

– Гүл түсі мен букет дизайнының үйлесімі гүл дизайнының негізгі элементі болып саналады. Бұл өнер тек стилді сезім ғана емес, сонымен қатар түрлі реңктер композицияны жалпы қабылдауға қалай әсер ететінін түсінуді талап етеді. Түс схемасы гүл шоғының пішінін толықтырып, оның сұлулығына баса назар аударып, көңіл-күйді көтеру керек.

Мысалы, ашық түс жайлылық пен қуаныш сезімін сыйласа, ал көк түс тыныштық сыйлайды. Сонымен қатар букеттің дұрыс дизайнын бүкіл композицияның бірлігі мен теңгерімділігін қамтамасыз ете отырып, әрбір гүлдің даралығын атап өтуге көмектеседі. Сайып келгенде, түс пен дизайнын сәтті үйлесімі гүл шоғын сыйлыққа ғана емес, терең сезімдер мен эмоцияларды жеткізе алатын өнер туындысына айналдырады.

– Биылғы трендтегі букет композициялары қандай?

– Қазір гүл шоқтарын жасауда француз стилі танымал болуда. Бұл бағыт гүл шоғында жеті ғана раушан гүлі болса да, ерекше сән-салтанатымен және талғампаздығымен ерекшеленеді. Әрбір раушан қолмен ашылады. Әр гүлдің әлемілігін көрсету үшін түстер мен реңктердің үйлесіміне ерекше назар аудару керек. Мұндай гүл шоғы жай сыйлық емес, сезімдер туралы сөзсіз айта алатын нағыз өнер туындысы болады.

– Тұрғындардың таңдауы көбіне қай гүлге түседі?

– Клиенттеріміз арасында гортензия мен пион гүл шоқтары ерекше танымал. Бұл гүлдер бір-бірімен тамаша үйлеседі, нәзік және сонымен бірге жайқалған гүл шоғын жасайды. Гортензия көлемді пішінімен және реңінің алуан түрлілігімен назар аударса, ал пиондар гүл шоғына керемет хош иіс қосады. Бұл гүлдермен жұмыс істегенді жақсы көремін, өйткені олар адамға қуаныш сыйлайтын композициялар жасауға мүмкіндік береді. Жиналған әрбір гүл шоғы жай ғана сыйлық емес, сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес сезімдер мен эмоцияларды жеткізу тәсілі.

– Гүл шоқтарын жасауда түстер үйлесімдігін сақтау маңызды ма?

– Түс үйлесімділігі гүл шоғын жасауда басты рөл атқарады, өйткені ол композициядағы сұлулық пен тепе-теңдікті қабылдауға әсер етеді. Бірін-бірі толықтыратын гүлдерді таңдау гүл шоғының эстетикалық әсерін күшейтіп, алушыға жағымды эмоциялар туғырады.

– Сіздің сүйікті гүл шоғыңыз қандай?

– Маған лалагүлдерден жасалған гүл шоқтары өте ұнайды. Олардың нәзік және кішкентай, керемет хош иісі, кез келген гүл шоғына ерекше көрік береді.

– Адам өз ісін ерекше махаббатпен жасағанда ғана ләззат ала алады. Сізге осы жұмысыңыз қандай қуаныш сыйлайды?

– Гүл шоғын алып, адамдардың қуанышын бақылаған сәттен қызық ештеңе жоқ. Олардың шынайы алғысы мені қуанышқа бөлейді. Мен үшін туындымың бақыт пен қуаныш сыйлайтынын көру маңызды. Дәл осы сәттер адамдарға ерекше және сұлулық сыйлауды жалғастыруға шабыт береді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Хабарлы таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3438 Тапсырыс №1142

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН